# Қоғамдық өндірістің негіздері

# ЖОСПАР:

1. Қоғамдық өндіріс
2. Экономикалық ресурстар мен өндіріс факторлары
3. Өндіріс және ұдайы өндіріс

# Қоғамдық өндіріс



Адамзат баласының тіршілігінің негізін құрайтын материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну процестерін қамтиды.

# Қоғамдық өнімнің 4 **сатыдағы** қозғалысы қоғамдық өндірісті құрайды.

1 — **Өндіріс** – материалдық игіліктерді пайдалы өнімді өндіру процесі.

2 — **Бөлу** - әрбір адамның өндірілген өнімділігі үлесін анықтау.

3 — **Айырбас** – белгілі бір өнімді басқа өнімге айырбастау процесі.

4 — **Тұтыну** - өндірілген өнімді қажеттілікті қанағаттандыру үшін пайдалану.

## Қоғамдық өндірістің құрылымын 2-ге бөледі:

**1. Материалдық өндіріс** дегеніміз- материалдықигіліктерді өндіру саласы мен материалдық қызмет көрсету кәсіпорындары ның жиынтығы.

**2. Материалдық емес өндіріс** дегеніміз - өндірістен тыс игіліктер өндіретін және материалдық емес рухани қызметтер көрсететін салалар мен кәсіпорындардың жиынтығы.

**1.1.** материалдық игіліктерді өндіретін салалар (өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы);

**1.2.** материалдық қызмет көрсету салалары (көлік, сауда, қызмет көрсету, киім тігу, жөндеу)

**2.2.** материалдық емес қызмет көрсету салалары (кеңестер беру, өнер).

**2.1.** материалдық емес игіліктер өндіру (ағарту салалары, денсаулық сақтау, ғылым);

# Экономикалық ресурстар

Экономикалық игіліктерді өндіру үшін пайдаланылатын элементтер, бұнда өндіріс факторы табиғаттан пайда болады және оны адам өндіреді.



# Экономикалық ресурстар 2 – ге бөлінеді.

**Табиғи ресурстар**

- бұлар адамның өмір сүруінің табиғаттық шарттарының жиынтығының бөлшегі, өндіріс процесінде қолдануға болатын қоршаған ортаның өте маңызды компоненттері. Мысалы, күн қуаты, су ресурстары, пайдалы қазбалар.

**Материалдық ресурстар**

- өздері өндірістің (еңбек құралдары және заттары) нәтижесі болып табылатын, құрал – жабдықтардың барлығы жатады. Қоғамның қандайында болмасын табиғи, материалдық және еңбек ресурстары тән және қажет болып табылады. Нарық экономикасында бұлардың қатарына қаржы ресурстары қосылады.

# Өндіріс факторлары



Экономикалық теорияда өндірістің мүмкіндігі мен нәтижелілігіне шешуші әсер ететін ерекше маңызды элемент, немесе объект.

Жер

Кәсіпкерлік қабілет

**Өндірістік факторлар**

Еңбек

Капитал

# 1. Жер

Өндірістік факторлар ретінде 2 жағынан қаралады:

- жер беті ретінде
- экономикалық мақсатта пайдалануға қажетті табиғи игілік ретінде

Оның негізгі ерекшелігі оны көбейтуге және тасымалдауға болмайды. Олардың пайдалану мүмкіндіктері:

| Өндеу | Қазба түрінде | Орналасқан орын |
|---|---|---|
| – Ауыл шаруашылығы;<br>– орман шаруашылығы. | – Жер асты байлықтарын пайдалану,<br>– энергетика өндірісі,<br>– балық аулауда. | - тұрғын үй құрлысы,<br>– жол байланысы жүйесі,<br>– демалыс орындары,<br>– кәсіпорындар. |

# 2. Капитал

- Өндіріс факторы ретінде және қаржы ретінде пайдалануға болады.
- Капитал өндіріс құралдарын сипаттайды. Мұнда ұзақ уақыт пайдаланылатын өндіріс құралдары (машина, құралдар) жер қысқа мерзім пайдаланылатын өндіріс құралдары (шикізат, энергия қуаты, жол байланыс қызметі).

Өндіріс құралдарын сатып алуға капиталдың жұмсалуы ***қаржыландыру***, ал ақша капиталын нақты капиталға айналдыру- ***инвестициялау*** деп аталады.



# 3.Еңбек

Адамдардың материалды және рухани өнімдерді өндіруге жұмсалған саналы қызметі. Қазіргі кезде өндірісте күрделі, мамандандырылған еңбек пайдаланылады.

# 4.Кәсіпкерлік қабілет

Барлық өндірісі факторларын тиімді пайдалануға қабілеті бар адам ресурстарының ерекше түрі. Оған мынадай қасиеттер тән болуға тиіс.

1. Өндіріс факторларын дұрыс үйлестіру мен келістіру үшін оның білім деңгейі жоғары болуы керек.
2. Дұрыс шешімдер қабылдай білуі керек.
3. Жаңамалдыққа ұмтыла білуі керек.
4. Тәуекелшіл болуы тиіс.

# Өндіріс

Қоғам дамуына қажет материалдық игіліктер мен қызметтер жасау мақсатымен табиғат заттарына адамның ықпал ету процесі. Қоғамдық ұдайы өндіріс қоғамдық өндірістің өзінің қайта жаңаруының үздіксіз ағымындағы процесі болып табылады, оның нәтижесі-қоғамдық өнім.

# *Ұдайы өндіріс*

Өндірістің үздіксіз дамып, тұрақты қайталанып, жаңарып, ұлғайып отыруы. Ұдайы өндіріс процесін өндіргіш күштерді ұдайы өндіруден көруге болады.

**Өндіргіш күштерді ұдайы өндіру дегеніміз** - жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарын тұрақты түрде қайталап, жаңартып, дамытып отыру.



# Ұдайы өндірістің типтері

*Жай*

- *Жай ұдайы өндірісте* өндіріс процесінің көлемі мен ауқымы үзіліссіз өзгермеген күйде қалады.

*Ұлғаймалы*

- Өндіріс процесінің көлемі мен масштабының еселене үзіліссіз қайталануын және жаңғыруын *ұлғаймалы ұдайы өндіріс* дейміз

# Ұлғаймалы өндірістің түрлері:



1. *Экстенсивті өндіріс* – факторлардың сан жағынан молаюы арқылы дамиды.

2. *Интенсивті өндіріс* – техника мен технологияны жетілдіру нәтижесінде дамиды.

3. *Аралас* - өндіріс факторлардың сан жағынан молаюы және техника мен технологияны жетілдіру нәтижесінде дамиды.

# Назар аударғандарыңызға рахмет!!!

